

Пазиллов Е.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: pazilov82@mail

КЕНТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІНІҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Мақалада Кентау қаласының кеңестік кезеңдегі демографиялық дамуы күнделікті өмір тарихы концепциясы тұрғысынан баяндалады. Сонымен қатар, осы кезеңдегі қала халқының жастық-жыныстық және ұлттық құрамына талдау жасалынады. Кентау қаласының демографиялық құрылымының қалыптасуы және халық санының артуына сыртқы миграциялық факторлар мен табиғи өсім қарқынының әсері қарастырылады. Мақалада Кентау қаласының демографиялық дамуын екі кезеңге бөліп қарастырады. 1941-1955 жылдардың аралығын қамтитын алғашқы кезеңінде – қаланың негізгі тұрғындарын сталиндік қуғын-сүргін жылдары жер аударылған халықтар мен арзан жұмыс күші ретінде әкелінген соғыс тұтқындары құрағаны анықталды. 1956-1991 жылдардың аралығындағы екінші кезеңінде – қала халқының құрамын өндіріс орындарына сырттан шақырылған мамандар мен тұрғындардың табиғи өсімі толықтырды.

Зерттеу мақаламызда анықталғандай, қала халқының санының көбеюі мен азаю үдерістері, қалатүзуші кәсіпорынның еңбек ресурстарына деген сұранысына тікелей тәуелді болды. Қала халқының саны мемлекеттік арнайы жоспарлау органдары арқылы қатаң бақыланып отырған. Сондай-ақ, Кентау қаласы халқының басым бөлігін жер аударылған және өндіріске жалданып жұмыс істеуге келген, елдің түкпір-түкпірінен жиналған «уақытша тұрғындар» құраған. 1990 жылдардың басында қалатүзуші кәсіпорын тоқырауға ұшырап, тоқтап қалғанда, осы «уақытша тұрғындардың» тарихи отандарына жаппай көшуінен демографиялық дағдарыстың туындағаны анықталды.

Түйін сөздер: демографиялық саясат, бүкілодақтық халық санағы, өнеркәсіптік моноқала, көші-қон, жастық және ұлттық құрамы, күнделікті өмір тарихы.

Pazilov Ye.

Doctoral student of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: pazilov82@mail

Demographic aspects of everyday life of the city Kentau in the Soviet period

The article considers the demographic aspects of the daily life of the city of Kentau in 1941-1991. And also relying on census materials, analyzes the dynamics of the sex and age structure and national composition of the population of the city of Kentau. In the article presented, the author examined the channels and mechanisms for the formation of the population of Kentau in the conditions of large-scale industrialization in the 1950s, when radical changes in the growth rates and the structure of the city's population took place. On the basis of archival materials, special attention is paid to migration flows from other regions and rural areas of the republic, which was the main source of urban population growth in the period under review.

Key words: demographic policy, population census, industrial monocities, migration, national composition, history of everyday life.

Пазиллов Е.

Докторант Казахского национального педагогического университета им. Абая,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: pazilov82@mail

Демографическая аспекты повседневности города Кентау в советский период

В статье рассматриваются демографические аспекты повседневности города Кентау в 1941–1991 гг. А также опираясь на материалы переписей, анализирует динамику, половозрастной структуры и национальный состав населения города Кентау. В представленной статье автором рассмотрены каналы и механизмы формирования населения г. Кентау в условиях масштабной индустриализации 1950-х гг., когда происходили коренные изменения темпов роста и самой структуры населения города. На основе архивных материалов особое внимание уделено миграционным потокам из других регионов и сельской местности республики, являвшимся основным источником прироста городского населения в рассматриваемый период.

Ключевые слова: демографическая политика, перепись населения, индустриальный моногород, миграция, половозрастной состав, история повседневности.

Кіріспе

Кентау қаласының демографиялық құрылымының өзіне тән басты ерекшелігі – оның этникалық, діни, мәдени әралуандығымен сипатталатын көп ұлтты қала ретінде қалыптасуы еді. Қаланың кеңестік кезеңдегі негізгі тұрғындарын – сталиндік қуғын-сүргін жылдары жер аударылып келген халықтар: грек, шешен, неміс, орыс, еврей, татар т.б. ұлт өкілдері мен жергілікті қазақтар құрады.

Сталиндік қуғын-сүргін жылдары шаруашылықтың түрлі салаларында арзан жұмыс күші ретінде жер аударылған халықтардың еңбегін пайдалану тәжірибесі, жұмысшылардың тапшылығы айқын сезілген Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары тіптен күшейе түсті. Соғыс жылдары республикада ғана емес, Одақтық деңгейде ерекше өнеркәсіптік және қорғаныстық маңызға ие болған Ащысай полиметалл комбинатын қажетті жұмыс күшімен қамтамасыз ету мақсатында, өңірге жер аударылған халықтар көптеп әкеліне бастады. Сталиндік қуғын-сүргін жылдарында, жазықсыз жазалауға тек, жекелеген адамдар ғана емес, жаумен одақтасуға мүдделілік танытты деген желеумен тұтас ұлттар да ұшырап отырды. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары «сенімсіз» ұлттар ретінде Кентауға күштеп жер аударылған халықтармен бірге, аймақтағы өндіріс орындарында –Ащысай, Хантағы және Мырғалымсай кеніштерінің жерасты шахталарында немістер мен жапондық соғыс тұтқындары да еріксіз қара жұмысқа жегілді.

Сол себептен, кеңестік кезеңде өнеркәсіптік бірсалалы моноқала ретінде қалыптасқан Кентаудың қазіргі таңдағы және болашақтағы этнодемографиялық үдерістердің даму дең-

гейін анықтау мәселесі, халқының тарихи қоныстану жағдайларымен тығыз байланыста қарастырылуы тиіс деп есептейміз.

1959 жылғы бүкілодақтық халық санағының Кентау қаласы бойынша нәтижелері

Кентау қаласында алғашқы толыққанды халық санағы 1959 жылы қаңтар айының 15-22 күндердің аралығында өткізілді. Бұған дейін қала халқының саны жергілікті қалалық кеңес ұсынған статистикалық мәліметтер негізінде анықталып жүрген болатын. Санақ бағдарламасының бөлімдері азаматтығы мен ұлты, жынысы, жасы, неке-отбасы жағдайы, білімі т.б. сияқты жалпы демографиялық мәселелерді қамтыды (Итоги переписи населения, 1985:11).

1959 жылғы бүкілодақтық халық санағының қорытындысы бойынша Ащысай жұмысшы кентін қоса алғанда, Кентау қаласында 49,5 мың адам тіркеліп, тұрақты тұрып жатқанын көрсетті (57-қ. 1-т. 21-іс).

Халық санағының нәтижелері бойынша Кентау қаласында қазақтардан басқа 27 ұлт өкілдері бар екені анықталды. Қала халқының арасында үш этникалық топ – қазақтар, орыстар мен гректердің пайыздық көрсеткіштері жоғары екендігін кесте мәліметтерінен байқаймыз. Осы үш этникалық топтың жиынтық үлесі қала халқының шамамен 80% құрады. Қалаға сырттан келуші мамандар ұлттық белгілері бойынша да сұрыпталды. Қалаға көбінесе славян тектес ұлт өкілдерінің көптеп келуіне ерекше мән беріліп, бұл мемлекеттік арнайы органдар тарапынан қадағаланып отырды. Ал керісінше, қалаға түрік тектес халықтар мен кавказ ұлты өкілдерінің келуіне шектеу қойылды. Басшылық қызметтерге еврей ұлт өкілдерін шақыруға басымдылық берілді.

1-кесте – 1959 жылы Кентау қаласы халқының ұлттық құрамы

Ұлттар	Жалпы саны	Ащысай	% үлесі	Кентау	% үлесі
Қазақтар	18830	6464	68	12366	30,9
Орыстар	12352	1571	17	10781	27
Украиндар	1576	150	1,5	1426	3,7
Өзбектер	2994	305	3,2	2689	6,9
Гректер	8276	27	0,2	8249	20,5
Татарлар	2453	541	5,6	1912	4,7
Немістер	132	13	0,1	119	0,2
Еврейлер	260	19	0,1	241	0,6
Беларустар	140	10	0,1	130	0,3
Басқа ұлт өкілдері	2487	403	4,2	2084	5,2
Барлығы	49500	9503	100	39997	100

Қала халқының құрамындағы орыс ұлты өкілдерінің артуына көші-қон процесінің бағыты да үлкен әсер етті. Кентау қаласындағы өндіріс орындарына сырттан шақырылған жұмысшылардың дені Кеңестер Одағының еуропалық бөлігінен, негізінен алғанда орыстардың тарихи атамекені Ресейден қоныс аударғандардан құралған еді. Сондықтан қаладағы орыс ұлтының өкілдерінің өсімінде сыртқы миграциялық үдерістердің ықпалы күшті болды.

Кентау қаласы халқының құрамындағы басқа ұлт өкілдерінің жиынтық үлесі 70% жуық болса, қазақтардың үлесі 30% құрап, дәл республикадағыдай көрсеткішті қайталады. 1959 жылғы халық санағы бойынша бүкіл Қазақстанда жергілікті қазақ ұлты өкілдерінің саны 2,794 мың адам, яғни республика халқының 30% құраған еді (Смаилова, 1999: 3-4).

Санақ мәліметінше, басқа ұлт өкілдерімен салыстырғанда қазақтардың үлесі қалаға қарасты Ащысай кентінде жоғары екендігі байқалды. Мұнда жергілікті қазақтардың үлесі 68% құрады. Мұның басты себебі, кейін салынған Кентау қаласына қарағанда, Ащысай жұмысшы кенті халқының демографиялық құрылымы сыртқы миграциялық үдерістердің қарқындылығы төмен болуымен сипатталатын соғысқа дейінгі кезеңде қалыптасып үлгерген еді. Осыған байланысты, Ащысай кентінің халқының басым бөлігін ежелден осы өңірді мекендеп келе жатқан байырғы халық өкілдері құрайды.

1959 жылғы халық санағы бойынша қала халқының құрамындағы әйелдердің үлесі 53,2% құрап, 46,8% көрсеткіштегі ерлердің үлесінен басым екенін көреміз. Қала халқының жы-

ныстық арақатынасы бойынша әрбір 100 ер адамға 112 әйелден келеді. Мұндай гендерлік теңгерімсіздіктің астарында XX ғасырда болып өткен түрлі тарихи жағдайлардың кері әсерлері жатқанын аңғаруға болады. Кеңестік биліктің тарапынан өз халқына жасаған солақай эксперименттері (ашаршылық, индустрияландыру, ұжымдастыру, кәмпескелеу, репрессия т.б.) және Екінші дүниежүзілік соғыс, әсіресе Қазақстанды орны толмас демографиялық апатқа ұшыратқан еді. Сондықтан халық құрамындағы неке жасындағы ерлердің үлесі күрт кеміп кеткен болатын. Бүкіл Қазақстанда орын алған мұндай жағдай, Кентау қаласы халқының қалыптасуына да сөзсіз өз әсерін тигізбей қоймады.

Әсіресе, өнеркәсіптік Кентау қаласында әйелдерге қарағанда ерлердің арасында денсаулыққа қауіпті кәсіби аурулар, өндірістік жарақаттар мен бақытсыздық жағдайлардан туындайтын өлім-жітім басым болуы да жыныстық теңгерімсіздіктің күшеюіне әкеліп соқтырды. Дүниеге келетін ұлдар мен қыз балалардың ара салмағы бастапқыда теңдей болғанымен, ерлердің арасында өлім-жітім көрсеткіштерінің жоғары болуынан 35 жастан кейінгі үлесі біртіндеп кәмі бастайды (Кожекеева, 2010:3).

1959 жылғы бүкілодақтық халық санағы қорытындылары бойынша Кентау қаласында 49,5 мың адам тұрса, оның ішінде 18 жасқа дейінгілердің үлесі – 38% (18641 адам), 18 жастан 60 жасқа дейінгі азаматтардың үлесі – 56% (28107 адам), 60 жастан жоғарылардың үлесі – 6% (2752 адам) құрады. Қала халқының құрамындағы 30 жасқа дейінгі жастар мен балалардың үлесі 69,4% құрады (57-қ. 1-т. 24-іс).

2-кесте – 1959 жылы Кентау қаласы халқының жыныстық құрамы

Кентау қалалық кеңесі	Жалпы саны	Ерлер	% үлесі	Әйелдер	% үлесі
Кентау	39997	18973	47,5	21024	52,5
Ащысай	9503	4427	46,6	5076	53,4
Барлығы	49500	23192	46,8	26308	53,2

Бұл мәліметтер қала халқының құрамында жастардың үлесі өте жоғары екендігін көрсетеді. Ж. Боже-Гарнье – Э. Россет құрастырған демографиялық қартаю шкаласы бойынша халықтың құрамында қарттар мен егде жастағы адамдардың үлесі 8% аспаса, қала халқы жас деп есептеледі.

Кентау қаласының құрылысы жедел қарқын алған жылдары сырттан келушілердің көпшілігі 20 мен 35 жас аралығындағы еңбекке қабілетті азаматтар еді. Осы жылдары елдің әр түкпірінен жиналған жастар жаңадан бой көтерген Кентау қаласын «жастық шағымның қаласы» деп атағаны тегінен-тегі емес екенін байқаймыз.

Кентау қаласындағы 1970 және 1979 жылдардағы бүкілодақтық халық санағының қорытындылары

Кентау қаласында келесі бүкілодақтық халық санақтары 1970 жылы және 1979 жылдары

өткізілді. Енді осы жылдары өткізілген халық санақтарының мәліметтерін бір-бірімен салыстыра қарастырамыз. Осыған дейін Кентау қалалық кеңесінің құрамында Ащысай және Байлдыр жұмысшы кенттері болса, 1961 жылдан бастап, Шымкент қорғасын зауытына тікелей бағынып келген Байжансай жұмысшы кенті де қосылды.

1970 жылы халық санағының нәтижелері бойынша қала халқының саны – 65,4 мың адамды құрап, 11 жылда 15,9 мың адамға көбейген. Ал 1979 жылғы халық санағы қорытындылары бойынша қала халқының саны – 72,1 мың адамды құрап, 9 жылда 7,1 мың адамға өскен (Стат. сборник, 1984: 8-10).

Қала халқының санақ кезеңдеріндегі салыстырмалы өсімі мен жыныстық құрамы төмендегі кестеде берілген.

3-кесте – Кентау қаласы халқының санақ кезеңдеріндегі салыстырмалы өсімі мен жыныстық құрамы

Жылдар	Халық саны	Ерлер	% үлесі	Әйелдер	% үлесі	Халықтың жалпы өсімі
1950 ж.	20400	8820	43,2	11580	56,8	-
1959 ж.	49500	23192	46,8	26308	53,2	29100
1970 ж.	65400	31567	48,3	33833	51,7	15900
1979 ж.	72109	34994	48,5	37115	51,5	7109

Кестеден көріп отырғанымыздай, 1959 жылы Кентау қаласының халқы 58% (29,1 мың адам) көбейсе, 1970 жылғы санақта 24,4% (15,9 мың адам), 1979 жылғы халық санағы бойынша 10% (7,1 мың адам) артты. Халықтың ең жоғарғы өсімі 1950-1959 жылдардың аралығында тіркеліп, аз уақытта қала тұрғындарының саны екі еселенген. Бұл жылдары миграциялық үрдістердің ықпалы күшті болып, қалаға сырттан келушілердің қарқыны жоғары болғандығын байқаймыз. Өйткені осы жылдары қала түзуші кәсіпорын – Ащысай полиметалл комбинатының өндірістік қуатының артуымен қатар, қалада жаңадан ірі өндіріс орындары – Трансформатор және Экс-

каватор зауыттары іске қосылған болатын. Сондықтан қала халқының саны осы өндіріс орындарына сырттан келген еңбек ресурстары есебінен өсті. 1960 жылдың ортасынан бастап, қаладағы өнеркәсіп орындарына сырттан келетін мамандар легі саябырсып, халықтың көші-қон үдерістері де іштей тұрақтала бастады. Енді қала халқының санының өсуіне тұрғындардың механикалық қозғалысы емес, табиғи өсім – әсер етуші басты факторға айналды. 1970 жылғы санақ қорытындыларында халық санының қарқынды артуына қаланың құрамына жаңа елді мекеннің, атап айтқанда, Байжансай жұмысшы кентінің қосылуы да өз ықпалын тигізген еді.

1959 жылғы санақ қорытындылары бойынша қала халқының құрамындағы гендерлік теңгерімсіздік айқын байқалған болатын. Қалада әрбір 100 ер адамға шаққанда 112 әйелден келетін. 1970 жылғы халық санағы бойынша ер мен әйел азаматтарының арасындағы жыныстық теңгерімсіздік сәл де болса азая бастағанын көреміз. 1970 жылғы санақ нәтижесінде қала халқының құрамындағы әйелдердің үлесі 51,7% құрап, 100 ер адамға 107 әйелден келді. 1979 жылғы санақ қорытындысында әйелдердің үлесі 51,5% құрап, 100 ер адамға шаққанда 106 әйелден келді (57-қ. 1-т. 27-іс).

Мұның себебі, Екінші дүниежүзілік соғыстың нәтижесінде орын алған демографиялық дағдарыстың әсері осы жылдары ғана біртіндеп

еңсеріле бастаған болатын. Осыған сәйкес, қала халқының құрамындағы неке жасындағы ер азаматтардың үлесі бірте-бірте арта түсті. Сонымен қатар, өндіріс орындарында жұмысшылардың өмір қауіпсіздігін қатаң сақтау талаптарының күшеюі мен тұрғындарға медициналық қызмет көрсету жұмыстарының жақсаруы да бұл үдеріске өзінің жағымды ықпалын тигізді.

1970 жылғы және 1979 жылғы бүкілодақтық санақ мәліметтері бойынша халықтың полиэтникалық сипаты да күрделі өзгеріске ұшырап, қалада 44 аса ұлт өкілдері тіркелгенін көрсетті (57-қ. 1-т. 32-іс).

1970 жыл мен 1979 жылғы Кентау қаласы халқының ұлттық құрамындағы салыстырмалы өзгерістерді төмендегі кестеде көрсетілген.

4-кесте – 1970 жыл мен 1979 жылғы Кентау қаласы халқының салыстырмалы ұлттық құрамы

Ұлттар	1970 жылғы қала халық саны	% үлесі	1979 жылғы қала халқының саны	% үлесі
Қазақтар	25400	38,8	31290	43,4
Орыстар	14610	22,4	21103	29,3
Украиндар	1873	2,8	2163	3
Беларустар	169	0,2	200	0,3
Өзбектер	4197	6,4	5407	7,5
Татарлар	3390	5,2	4326	6
Әзірбайжандар	557	0,8	743	1
Немістер	206	0,3	253	0,3
Кәрістер	213	0,3	269	0,3
Басқа ұлт өкілдері	14782	22,8	6355	8,9
Барлығы:	65400	100	72109	100

1970 және 1979 жылғы бүкілодақтық санақ нәтижелері қала халқының құрамында екі этникалық топ – қазақтар мен орыстардың үлесі жоғары екендігі және олардың саны басқа ұлт өкілдерімен салыстырғанда қарқынды артып отырғандығын байқауға болады. Мәселен, орыс ұлтының өкілдерінің саны 1970 жылы 14,6 мың адамды құраса, араға 9 жыл салып, 1979 жылғы санақ қорытындылары бойынша 21,1 мың адамға көбейіп, яғни 44,5% өскен (57-қ. 1-т. 33-іс).

Қала халқының құрамындағы орыс ұлт өкілдері санының артуына сыртқы миграциялық процестермен бірге, өзге этникалық топтардың ассимиляциясы да ықпал етті. Халықтың күнделікті тұрмыстық өмірі және еңбек жағдайында

орыс мәдениеті мен тілі үстем болғандықтан, қаладағы шағын этникалық топтар ұлттық тамырынан ажырап, аралас некелік қатынастар арқылы орыс ұлтының құрамына сіңіп кету үдерісі белең алды. Осыған байланысты, санақ кезінде аралас неке арқылы дүниеге келген балалар көбінесе ата-аналарының көрсетуімен орыс ұлтының өкілі болып жазыла бастады. Орыс ұлтының ықпалына қарай ассимиляциялану үдерісі әсіресе, славян тектес және еуропалық ұлттардың арасында серпінді жүрді.

Қала халқының құрамындағы келесі бір үлкен этникалық топ – осы өлкенің автохтонды тұрғындары қазақтар еді. 1970 жылғы халық санағы бойынша қазақтардың үлесі 38,8% (25,4 мың адам) құраса, 1979 жылғы санақ бойынша

қала халқының құрамындағы қазақтардың үлесі 43,4% (31,2 мың адам) жетті(57-қ. 1-т. 34-іс).

Бұл мәліметтерден қазақ халқының пайыздық үлесі 1960 жылдардың ортасынан бастап, жедел өсе бастағанын көреміз. Себебі, осы жылдары бүкіл республика инженерлік-техникалық мамандықтарды игерген қазақтардың үлесі де артып, қаладағы өндіріс орындарына көптеп келе бастаған болатын. Сонымен қатар, қала халқының құрамындағы қазақтардың табиғи өсімі басқа ұлт өкілдерімен салыстырғанда өте жоғары болды.

1959 жылғы санақ бойынша қала халқының арасындағы қазақтар мен орыстардан кейінгі аса ірі этникалық топтардың бірі – грек ұлтының өкілдері, 1970 жылғы және 1979 жылғы санақтар

бойынша жеке ұлт ретінде нақты сандары көрсетілмеді және кеңестік ұлт саясатына байланысты қала халқының құрамына енбей қалды. Бұл сталиндік қуғын-сүргін жылдары жалған жаламен тарихи отандарынан Кентауға жер аударылып, қиын кезеңдерді бастан кешірген және енді еңсе тіктеген грек ұлты өкілдеріне жасалған кезекті қиянаттардың бірі болатын.

Енді Кентау қаласы халқының құрамындағы қазақтар мен орыстардан кейінгі үлкен этникалық топтар ретінде жалпы саны аз болса да өзбектер мен татарлар атала бастады.

1979 жылғы халық санағы бойынша Кентау мен оның құрамындағы жұмысшы кенттеріндегі қазақтардың жеке пайыздық үлесі төмендегі кестеден берілген.

5-кесте – 1979 жылы Кентау қаласы халқының жыныстық құрамы мен қазақтардың саны

Елдімекен атауы	Халық саны	Ерлер	% үлесі	Әйелдер	% үлесі	Қазақтар саны	% үлесі
Кентау қаласы	62004	29946	48,3	32058	51,7	24083	38,8
Ащысай кенті	6930	3148	45,4	3782	54,6	5017	72,4
Байжанай кенті	3175	1500	47,2	1675	52,8	2190	68,9
Барлығы	72109	34994	48,5	37115	51,5	31290	43,4

Кентау қаласына қарағанда ауылдық елдімекендер болып табылатын Ащысай мен Байжансай кенттерінде қазақтардың үлесі жоғары екендігі байқалады. Бұл мәліметтерден қала маңындағы жергілікті қазақтардың урбанизациялық үдерістерге тартылуы баяу жүргенін және олардың өлкенің байырғы халқы ретінде ауылдық елдімекендерді ығыса мекендегенін көреміз. Кентау қаласының өзінде қазақтар көбінесе шеткі шағын аудандар болып табылатын – жер үйлерден құралған Хантағы, Бала-бүргем мен Баялдыр шағын аудандарында көптеп шоғырланды (Қойгелдиев, 2016:59).

1989 жылғы бүкілодақтық халық санағы мәліметтері бойынша қала тұрғындарының жастық және ұлттық құрамы

1989 жылы Кентау қаласында кеңестік кезеңдегі соңғы санақ болып есептелген бүкілодақтық халық санағы өткізілді. Санақ қорытындылары нәтижесінде қала халқының саны 93,0 мың адамды құрап, 1979 жылмен салыстырғанда 22,4%, яғни 20,8 мың адам көбейгені байқалды (57-қ. 1-т. 35-іс).

Тиісті санақ мерзімдері аралығында халық санының өсіміне, қала құрамына жаңадан

елдімекендердің қосылуы да елеулі әсер етті. 1989 жылғы санаққа дейін, Кентау қаласының құрамына 10 мыңға жуық халқы бар Атабай ауылдық кеңесі қосылған болатын.

1989 жылғы санақ нәтижесі бойынша, Кентау қаласында – 74,7 мың адам, қалаға қарасты Ащысай кентінде – 6,1 мың адам, Байжансай кентінде – 2,9 мың адам, Атабай ауылдық кеңесінде – 9,3 мың адам тұрақты тұрып жатқаны анықталды (57-қ. 1-т. 47-іс).

Кентау қаласының халқы тиісті санақ кезеңдері аралығында тұрақты түрде өсіп отырса, керісінше Ащысай мен Байжансай кенттерінің халқы азая бастағаны байқалды. Өйткені, осы жылдары аталған жұмысшы кенттерінде орналасқан кеніштерде кен рудасының мөлшері кеми бастағандықтан, тұрғындарының жұмыс бабымен өзге өндірістік қалаларға қоныс аударуы күшейген болатын.

1989 жылғы халық санағы барысында халықтың ұлттық құрамы алдыңғы халық санақтары сияқты, тұрғындардың қай ұлтқа жататынын өздерінің көрсетуі негізінде және балаларының ұлты ата-анасы арқылы анықталды. Санақ жүргізушілерден тұрғындардың ұлтын анықтау

үшін қосымша құжаттар мен басқа да дәлелдер сұрауына тиым салынды (ЧОУС, 1990:8-9).

1989 жылғы бүкілодақтық санақ мәліметтері бойынша, қала халқының ұлттық құрамында елеулі өзгерістер орын алғаны байқалды. Қала халқының құрамындағы барлық ұлттардың үлесі кеміп, тек өзбек және қазақ халқының саны тұрақты түрде өскен. 1989 жылғы санақ нәтижесінде қазақтардың үлесі 43,4%-дан 50,8%-ға дейін көбейді. Сөйтіп, қазақтар қала халқының жартысынан астамын құрап, тұңғыш рет өзінің байырғы жерінде басым ұлт көрсеткішіне ие болды. Қала халқының құрамындағы қазақтардың үлесінің артуын, басым көпшілігін өзге ұлт өкілдері құрайтын сырттан келушілер тасқынының тоқтауымен және қазақтар арасында табиғи өсімнің едәуір жоғары болуымен түсіндіруге болады.

6-кесте – 1979-1989 жылдардағы қала халқының ұлттық құрамы

Ұлттар	Қала халқының ұлттық құрамы, %	
	1979 ж.	1989 ж.
Қазақтар	43,4	50,8
Орыстар	29,3	17,9
Украиндар	3	1,8
Беларустар	0,3	0,1
Өзбектер	7,5	17,5
Татарлар	6,0	4,3
Әзірбайжандар	1,0	0,7
Немістер	0,3	0,1
Кәрістер	0,3	0,1
Басқа ұлт өкілдері	8,9	6,7
Барлығы	100	100

1979 жылы бүкілодақтық санақ бойынша қаладағы орыс халқының үлесі 29,3% (21,1 мың адам) құраса, 1989 жылы 17,8% (16,5 мың адам) құрады. Яғни, соңғы екі санақ кезеңі аралығында орыстардың пайыздық үлесі 4% азайған (57-к. 1-т. 51-іс).

Оның басты себебі ретінде, славян тектес және еуропалық ұлт өкілдерінің тарихи отандарына оралуынан туындаған миграцияның теріс айырымының (сальдосы) көрініс беруімен түсіндіруге болады. Сонымен қатар, осы жылдары қалада славян тектес (орыстар, украиндар, беларустар) және еуропалық (немістер, гректер

т.б.) ұлттардың саны тоқырап, депопуляцияға ұшырай бастаған болатын.

Санақ мерзімінде қала халқының құрамындағы қазақтардан кейінгі жоғары өсу көрсеткішіне ие болған ұлт өкілдерінің бірі – өзбек халқы еді. 1979 жылғы халық санағымен салыстырғанда, олардың үлесі 7,5% (5,4 мың адам) болса, 1989 жылы 17,5% (16,2 мың адам), яғни 3 есеге көбейген. Өзбек ұлт өкілдері санының күрт артуына қаланың құрамына жаңадан Атабай ауылдық кеңесінің қосылуы себеп болды. Өйткені, Атабай ауылы халқының көпшілігін өзбектер құрайтын еді. Сонымен қатар, өзбек халқының арасында бала туу көрсеткіштері де, басқа ұлт өкілдерімен салыстырғанда жоғары болуымен ерекшеленді.

1989 жылғы бүкілодақтық халық санағы бойынша ұлттық белгілерімен қатар, әр ұлттың ана тілі мен екінші тілі ретінде орыс тілін қаншалықты меңгергені де анықталды. Санақ нәтижесінде алынған мәліметтерге сүйенсек, қала халқының 86,7% ана тілі ретінде өз ұлтының тілін, ал күнделікті өмірде қолданылатын қарым-қатынас тілі ретінде орыс тілін атады. Қала халқының арасында орыс тілін еркін сөйлейтін тұрғындардың үлесі 71,4% құрады. Бұл салыстырмалы түрде, сол кездегі республика бойынша ең жоғары көрсеткіштердің бірі болатын.

1989 жылғы санақ қорытындысының нәтижесінде, қала халқының түрлі жас топтарының арасындағы айырмашылықтар, айтарлықтай өзгеріске ұшырағаны байқалды. 1979 жылғы халық санағымен салыстырғанда 1989 жылы 18 жасқа дейінгілердің үлесі 44%-дан 38%-ға азайса, ал 19-59 жас аралығындағы еңбекке қабілетті азаматтардың үлесі сәйкесінше 49,3%-дан 51,1% көбейді. Қала халқының құрамында зейнет жасындағы қарт адамдардың үлесі де жоғарлап, біртіндеп қартаю үдерісі белең алды. 1989 жылғы санақ бойынша, Кентау қаласында егде жастағы халықтың үлесі 9,9% құрады (57-к. 1-т. 56-іс).

Ж.Боже-Гарнье–Э.Россеттің демографиялық қартаю шкаласына сүйенсек, егде жастағы адамдардың үлесі 8% төмен болғанда ғана, қала халқы жас деп айтуға болады. Бұл көрсеткіштен, «жастық шақтың қаласы» атанған Кентау қаласының халқы да біртіндеп, демографиялық қарттық үдерісіне бағыт алғанын көреміз. Өйткені, бұл жылдары жұмысқа қабілетті жастағы азаматтардың қаладан көшіп кетуі қарқын ала бастаған болатын. Кентау қаласынан көшіп кетушілердің алғашқы толқынын, кезінде осы

өлкеге жер аударылып келген грек ұлтының өкілдері бастады.

1990 жылдың алғашқы айының өзінде, Кентау қаласынан Грецияға 512 адам көшіп кетсе, 684 адам көшуге рұқсат алып, 552 қала тұрғыны көшіп кету үшін арнайы мекемелерге өтініш білдірді (57-қ. 1-т. 73-іс).

Осы жылдан бастап, Кентау қаласынан гректерден басқа ұлт өкілдерінің (орыстар, немістер, татарлар т.б.) көшуі де жаппай сипат алды. Әсіресе, өзге ұлт өкілдерінің жайлы тұрмыс іздеп Кентау қаласынан ауа көшуі, 1991-1993 жылдары аралығында қала құраушы кәсіпорын – Ащысай полиметалл комбинатының дағдарысқа ұшырап, халықтың әлеуметтік жағдайы нашарлағаннан кейін орын алған еді.

Қорытынды

Қорытындылай келгенде, Кентау қаласының қалыптасуының бастапқы кезеңінде (1941-1955 жж.) – қаланың алғашқы тұрғындарын, жұмыс күші ретінде сырттан әкелінген әскери тұтқындар мен жер аударылғандар құрады. Бұл кезеңде қала халқының сандық және сапалық динамикасына механикалық қозғалыстың ықпалы зор болды.

1956-1991 жылдардың аралығын қамтитын екінші кезеңінде, қаланың негізгі халқын – өнеркәсіп орындарына қоғамдық шақыртулар бойынша Кеңестер Одағының әр түкпірінен келген комсомол жастар мен ерікті, жалдама-

лы жұмысшылар толықтырды. Бұл кезеңде, халықтың механикалық қозғалысымен бірге, қала тұрғындары санының артуына табиғи өсім де зор әсер етті.

Жалпы алғанда, халық санының көбеюі мен кему үдерістері, қаладағы өнеркәсіп орындарының еңбек ресурстарына деген сұранысымен анықталды. Қала тұзуші кәсіпорынның өндірістік қуаты артқанда немесе жаңа кеніштері іске қосылған жағдайларда, сәйкесінше қала халқының саны да өсіп отырды. Ал, керісінше, қала тұзуші кәсіпорынның өндірістік қуаты кеміп, тоқырауға ұшырағанда, халық саны да азайды. Яғни, қала тұзуші кәсіпорында еңбек ететін жұмысшылар мен олардың отбасы мүшелері ғана тұрақты қала тұрғындары есебіне жатқызылды. Бұл үдерістің қарқыны мемлекеттік жоспарлау комитеті тарапынан реттеліп, жергілікті милиция органдарының көмегімен қатап тәртіптегі паспорттық жүйе негізінде қадағаланып отырды. Сонымен қатар, кеңестік кезеңде қалыптасқан басқа өнеркәсіптік моноқалалар сияқты, Кентау қаласының халқы, жұмыс күші ретінде Кеңестер Одағының түкпір-түкірінен жиналған түрлі ұлттан құралған «уақытша» тұрғындар еді. Дағдарысқа ұшыраған алғашқы жылдары Кентау қаласында орын алған күрделі демографиялық ахуал, осы «уақытша» тұрғындардың көпшілігінің тарихи отандарына жаппай қоныс аударуының нәтижесінде туындаған болатын.

Әдебиеттер

- Итоги Всесоюзной переписи населения 1959, 1989 гг., М: Финансы и статистика
- Кожекеева Л.Т. (2010). Динамика численности населения городов Южного Казахстана во второй половине XX века. <http://abai.kz/post/6182/>
- Кентау өңірлік мемлекеттік архивы, 57-қ. 1-т. 21-іс.
- Кентау өңірлік мемлекеттік архивы, 57-қ. 1-т. 24-іс.
- Кентау өңірлік мемлекеттік архивы, 57-қ. 1-т. 27-іс.
- Кентау өңірлік мемлекеттік архивы, 57-қ. 1-т. 32-іс.
- Кентау өңірлік мемлекеттік архивы, 57-қ. 1-т. 33-іс.
- Кентау өңірлік мемлекеттік архивы, 57-қ. 1-т. 35-іс.
- Кентау өңірлік мемлекеттік архивы, 57-қ. 1-т. 47-іс.
- Кентау өңірлік мемлекеттік архивы, 57-қ. 1-т. 51-іс.
- Кентау өңірлік мемлекеттік архивы, 57-қ. 1-т. 56-іс.
- Кентау өңірлік мемлекеттік архивы, 57-қ. 1-т. 73-іс.
- Қойгелдиев М. (2016). Советтік қоғамдағы еңбек феномені. Алматы: Қаратау
- Об итогах Всесоюзной переписи населения Чимкентской области. Чимкент: ЧОУС
- Смаилова А. (1999). Краткие итоги переписи населения 1999 г. в Республике Казахстан. Алматы: Агентство РК по статистике
- Численность и состав населения СССР. По данным Всесоюзной переписи населения 1979 г. стат. сб., М: Финансы и статистика.

References

- Results of the All-Union Population Census of 1959, 1989, M: Finance and Statistics
- Kozhekeeva L.T. (2010). Dynamics of the population of the cities of southern Kazakhstan in the second half of the twentieth century. <http://abai.kz/post/6182/>
- Kentau regional state archive, 57-k. 1-t. 21-is.
- Kentau regional state archive, 57-k. 1-t. 24-is.
- Kentau regional state archive, 57-k. 1-t. 27-is.
- Kentau regional state archive, 57-k. 1-t. 32-is.
- Kentau regional state archive, 57-k. 1-t. 33-is.
- Kentau regional state archive, 57-k. 1-t. 35-is.
- Kentau regional state archive, 57-k. 1-t. 47-is.
- Kentau regional state archive, 57-k. 1-t. 51-is.
- Kentau regional state archive, 57-k. 1-t. 56-is.
- Kentau regional state archive, 57-k. 1-t. 73-is.
- Koigeldiev M.(2016). The phenomenon of labor in the Soviet society. Almaty: Karatau.
- On the results of the All-Union population census of the Chimkent region. Shymkent: ChOUS
- Smailova A. (1999). Short results of the 1999 census in the Republic of Kazakhstan. Almaty: Agency for Statistics of the Republic of Kazakhstan
- Number and composition of the population of the USSR. According to the All-Union Population Census of 1979, ct. Sat., M: Finance and Statistics